

ИМКЭ
ИНТЕРНАЦИОНАЛ
В КАЗАХСТАНЕ



БИБЛИОТЕКА ПЕРВОГО ПРЕЗИДЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН – ЕЛБАСЫ



ЦЕНТР
ПО ИЗУЧЕНИЮ КИТАЯ



«ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ЖІБЕК ЖОЛЫ: ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ МҰНАЙ-ГАЗ ҮНТІМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ МЕН БОЛАШАҒЫ»

Халықаралық ғылыми конференциясының баяндамалар жинағы

«ЭНЕРГЕТИЧЕСКИЙ ШЕЛКОВЫЙ ПУТЬ: ИТОГИ И ПЕРСПЕКТИВЫ НЕФТЕГАЗОВОГО СОТРУДНИЧЕСТВА В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ»

Сборник докладов международной научной конференции

29.09.2021





КННК ИНТЕРНАЦИОНАЛ
В КАЗАХСТАНЕ



БИБЛИОТЕКА ПЕРВОГО ПРЕЗИДЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН – ЕЛБАСЫ



ЦЕНТР
ПО ИЗУЧЕНИЮ КИТАЯ

**«ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ЖІБЕК ЖОЛЫ:
ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ МҰНАЙ-ГАЗ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒ**
Халықаралық ғылыми конференциясының
баяндамалар жинағы

**«ЭНЕРГЕТИЧЕСКИЙ ШЕЛКОВЫЙ ПУТЬ:
ИТОГИ И ПЕРСПЕКТИВЫ НЕФТЕГАЗОВОГО СОТРУДНИЧЕСТВА
В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ»**
Сборник докладов
международной научной конференции
29.09. 2021

Нұр-Сұлтан 2021

Нур-Султан 2021



МАЗМҰНЫ

Конференцияның ресми ашылуы

Бақытжан Темірболат8

Пленарлық сессия

Әсет Мағауов10

Чжан Сяо11

Манарбек Қабазиев13

Чжан Чэн У16

Бірінші сессия

Сунь Чжуанчжи18

Марат Шибұтов19

Фэн Юйцзюнь21

Еркін Байдаров23

Умид Арипджанов31

Болат Үсенов33

Екінші сессия

Наргиза Мураталиева34

Лю Цянь38

Антон Бугаенко39

Фуци Сюэ45

Дэниэл Ранджбар, Сакен Мукан, Эльмира Саудабекова46



АЛҒЫСӨЗ

2021 жылғы 29 қыркүйекте ҚР Тұңғыш Президент – Елбасы кітапханасында «Орталық Азиядағы энергетикалық Жібек жолы: мұнай-газ ынтымақтастығының қорытындылары мен перспективалары» атты халықаралық конференция ұйымдастырылды. Іс-шараға Қазақстан, Қырғызстан, Қытай және Өзбекстан мемлекеттік органдарының, бизнес-құрылымдарының, ми орталықтарының, университеттерінің өкілдері қатысты. Ғылыми пікірталасты ұйымдастыру бойынша Қазақстандағы Қытайды зерттеу жөніндегі Қазақстандық Орталық және Интернационал ҚҰМК (Қытай ұлттық мұнай корпорациясы) серіктестер болды.

Бұл сараптамалық іс-шара Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, ҚР ұлттық экономикасының тұрақты дамуындағы энергетикалық сектордың ерекше маңыздылығын атап өтуге бағытталған. Тағдырдың жазуымен Орталық Азия елдерінің жер қойнауында көп мөлшерде орналасқан мұнай мен газ (басқа да энергия көздері сияқты) біздің өңірімізді дамытудың сенімді қозғалтқышына айналғаны құпия емес қой.

Бұл энергия ресурстарының ірі қорлары жаһандық энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде өңірдің ерекше рөлін, әлемдік қоғамдастықтың біздің елдерімізге деген жоғары қызығушылығын тудырды және жоғары инвестициялық тартымдылықты айқындайды. Үш онжылдық ішінде энергия ресурстары Қазақстан Республикасының мемлекеттік дамуында, оның егемендігін нығайтуда, реформалар жүргізуде және экономикалық жаңғыртуда, инвестициялық капиталды тартуда, орнықты және перспективалы даму үшін ірі қаржы резервтерін құруда ерекше рөл атқарып келеді.

ҚР Тұңғыш Президент – Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы күндерінен бастап мұнай-газ саласын кешенді дамыту бойынша міндеттер қойды. Мақсатты саясаттың арқасында Қазақстан 30 жыл ішінде өзінің мұнай-газ саласына 114 млрд. астам АҚШ долларымен шетелдік инвестициялар тартты. Бұл капитал Қазақстандық экономика өсімінің және Қазақстанның әлемдік энергетикалық картадағы орнын нығайтудың қуатты драйверіне айналды.

Биылғы жылы мұнай-газ компанияларының басшылары – шетелдік инвесторлар кеңесінің мүшелерімен жұмыс кездесуінде Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев мұнай-газ саласы еліміздің жалпыұлттық прогресінде әрдайым маңызды рөл атқарғанын атап өтті. Оның пікірінше, технологиялық өзгерістерге қарамастан, сала ел экономикасының қозғаушы күші болып қала береді. Қ. К. Тоқаев Қазақстан мұнайға бай мемлекет болғандықтан, қолда бар әлеуетті барынша және тиімді пайдалануға міндетті деп есептейді.

Мұнай-газ саласын дамытумен қатар, біздің еліміз энергия ресурстарын экспорттаудан түсетін кірістерге де барынша прагматикалық түрде иелік етеді. 2003 жылдан бастап ҚР Тұңғыш Президентінің шешімі бойынша мұнай-газ секторынан



түсетін кірістер Ұлттық қорға жіберіледі, онда бүгінде 57 млрд. жинақталған. 2007-2009, 2011 жылдардағы оңайға соқпаған жаһандық дағдарыстардың, әлемдік нарықтардағы құбылмалылықтың және COVID-19 пандемиясының күрделі жылдарында қазақстандық Ұлттық қорының резервтері мемлекетке сыртқы шок трендтерін басуға нақты көмектескені біздің есімізде.

Демек, осы онжылдықтардағы сынақтар көрсеткендей, Елбасының шешімі сындарлы және уақытылы болды. Жалпы алғанда, энергетикалық сектор – біздің экономикамыздың өзегі, бәрін дамытуға ықпал етеді. Осыған байланысты, сарапшылардың назарын осы стратегиялық секторға аудару туралы шешім қабылданды. Энергия ресурстарын барлау мен өндіруден басқа, мұнай-газ саласын дамытудағы маңызды міндет – өндірілетін мұнай-газ ресурстарының әлемдік нарықтарға экспортын әртараптандыру болып отыр.

Біздің еліміз, бүкіл Орталық Азия өңірі сияқты, теңізге мүлде қол жеткізе алмайтын энергия ресурстарын әлемдегі санаулы экспорттаушылардың бірі болып табылатыны белгілі.

Сәйкесінше, ҚР мен көршілердің экспорттық мүмкіндіктері әуел бастан шектеулі. Бұл «географиядан кек алудың» бір түрі, әйгілі геосаясат ғалымы Р.Каплан өзінің кітабында әртүрлі мемлекеттердің ландшафтының осындай шектеулі ерекшеліктерін атайды. Осыған байланысты осы жылдар ішінде Қазақстан барлық ықтимал бағыттарда құбыр желілерінің теңгерімді желісін дамыту бойынша белсенді күш-жігер жұмсады.

Бүгінгі таңда солтүстікке, батысқа және шығысқа қарай созылып жатқан әрбір құбыр – еліміздің үлкен дипломатиялық жеңісі. Мұнай мен газ сыртқы нарықтарға жіберілетін әрбір құбыр – мемлекетке елеулі пайда әкеледі және оның орнықты өсуіне жәрдемдеседі. Шынында да, осы құбырлардың әрқайсысының артында титаникалық саяси күш-жігер, қиын келіссөздер, күрделі есептеулер, білім, инвестициялар және тағы басқалар бар, олар сәтті қасбеттің және инженерлік құрылымдардың күрделі техникалық дизайнының артында мәңгіге жасырылған.

Сондықтан, тарихқа қайта оралсақ, неліктен құбырларға ең жоғары деңгейде баса назар аударылатындығын көреміз. Мысалы, ҚР Тұңғыш Президент – Елбасы Н.Ә. Назарбаев біздің энергия ресурстарының экспортын әртараптандырған, мемлекеттің тәуелсіздігін нығайтқан және әлемдік энергетикалық нарықта оның мүмкіндіктерін кеңейткен мұнай- және газ құбырларының келіссөздері мен ашылуына әрқашан жеке өзі қатысты. 2021-2022 жылдар кезеңі Қазақстан, Орталық Азия елдері және Қытай арасындағы мұнай-газ инфрақұрылымдық жобалар үшін нышандық кезең.

Бірінші желісі 2005 жылғы желтоқсанда басталған «Қазақстан-Қытай» мұнай құбыры 15 жылдық жұмыс шебінен өтті. «Атасу-Алашанькоу» және «Кеңқияқ-Құмкөл» желілерінің жоғары технологиялық инфрақұрылымы Қазақстанның мұнай экспортының әртараптандырылуын кеңейтті және ҚХР-ға мұнайды тұрақты жеткізу, энергия ресурстарын тұтынудың тез өсіп келе жатқан және әлемдегі аса ірі нарығы мүмкіндігін ашты. «Қазақстан-Қытай» магистральдық құбырлар жүйесінің өңірлік энергетикалық ынтымақтастық үшін стратегиялық маңызы бар, өйткені, Ресей Батыс Сібірден Атасу мұнай терминалында Омбы (Ресей) – Павлодар (Қазақстан) – Шымкен



Түркменабад (Түрікменстан) мұнай құбырымен жалғау арқылы мұнай тасымалдау үшін де пайдаланылады.

2009 жылы іске қосылған «Орталық Азия-Қытай» газ құбыры екінші 10 жылдыққа аяқ басты. Жұмыс істеген жылдар ішінде газ құбыры Орталық Азиядағы ең ауқымды газ беру жүйесіне айналды және өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсер етуде. Газ құбырының Орталық Азия үшін де, Қытай үшін де стратегиялық маңызы бар. Ол газ құбырының төртінші тармағы (D желісі) аяқталғаннан кейін кооперацияға қосылатын Орталық Азияның барлық бес елі – Түркіменстанды, Қазақстанды, Өзбекстанды, сондай-ақ Қырғызстан мен Тәжікстанды біріктірген өңірдегі алғашқы инфрақұрылымдық жоба болды.

Неліктен бұл инфрақұрылымдық жобалар ерекше тартымды? Осы жобалар есебінен біздің еліміз шетелдік серіктестермен ынтымақтаса отырып, Батыс пен Шығыс елдеріне құбыр желілерінің тармақталған желісін салғанынан бастау керек. Енді бұл жүйе нышандық түрде энергетикалық Жібек жолы деп аталады. Нәтижесінде, қазіргі жағдайда Орталық Азия Еуропа мен Азияның экономикалық өзара байланысын нығайту жөніндегі өзінің табиғи геоэкономикалық рөлін қайта қалпына келтіреді.

Біздің аймақ пен ҚХР арасындағы энергетикалық диалогта барлық маңызды компоненттер бірікті: 1990-шы жылдардан бастап Қытай белсенді көтеріле бастады және оған энергия ресурстары қажет болды. Ал Орталық Азия елдері сол кезеңде тәуелсіздік алып, экономиканың маңызды салаларында сенімді серіктестер мен инвесторлар іздеді.

Осы құбыржол жобаларының арқасында Қазақстанның өңірлік энергетикалық хаб ретіндегі рөлі де айтарлықтай өсті. 2000 жылдары «Қазақстан-Қытай» мұнай құбыры салынды, ол бойынша бүгінде Қазақстан мен Ресейден көмірсутектер Шығысқа экспортталады. Бұдан әрі Қазақстан аумағы бойынша «Орталық Азия-Қытай» магистральдық газ құбырының желілері салынды, ол өңірдің бірнеше елдерін біріктіре отырып, «көгілдір отынды» Түрікменстаннан Қытай нарығына жібереді.

Бұл саяси лексикада нені білдіреді?

Бірнеше мың шақырымға созылған құбырдың барлық техникалық параметрлері мен бірегей инженерлік шешімдерінен барлық Орталық Азия республикалары үшін маңызды әсер көрінеді. Мысалы, «Орталық Азия – Қытай» магистральдық газ құбыры – біздің өңірдегі біріктіруші, байланыстырушы фактор. Асыра айтпай-ақ, дәл осы газ құбыры біздің барлық елдерімізді бір ауқымды экономикалық және инфрақұрылымдық жобада біріктірді.

Нәтижесінде таза экономикалық жоба қазір үйлесімді және өзара тиімді Орталық Азия кооперациясының үлгісі болып отыр. Ал Қазақстан өзінің географиялық артықшылықтары есебінен Еуразияның орталық бөлігінен ірі әлемдік тұтыну нарығы – Қытайға энергия ағындарының орталық байланыстырушы элементіне айналды. Айта кетері, жыл сайын ҚХР-да шамамен 320 млрд текше метр газ және 4,7 млрд баррель мұнай тұтынылады.



Осылайша, Орталық Азия өңірінен ҚХР-ға энергия ресурстарының тұрақты экспорты құбырлардың кең желісін салу арқылы ХХІ ғасырда Жібек жолының табысты тарихи жаңаруы мен перспективалық дамуы үшін парақ ашты, онда Қазақстан – Ұлы Дала Ел – маңызды байланыстырушы рөл атқарады. Бұл – ірі геозкономикалық «Бір белдеу, бір жол» мегажобасының 2013 жылы дәл Қазақстан астанасында жариялану себептерінің бірі. Бұл мүлдем басқа үлкен оқиға.



БАҚЫТЖАН ТЕМІРБОЛАТ

ҚР Тұңғыш Президенті— Елбасы кітапханасының директоры

Құрметті конференцияға қатысушылар!

Ханымдар мен мырзалар!

Қазақстан Республикасының орасан зор энергетикалық әлеуеті бар, осы саладағы өндірісі мен экспорты елімізді әлемдік энергетикалық дипломатияның маңызды ойыншысына айналдырады.

30 жыл бойы энергия ресурстары Қазақстан Республикасының мемлекеттік дамуында, оның егемендігін нығайтуда, экономиканы реформалау мен жаңғыртуда, инвестициялық капитал тартуда, елдің тұрақты және болашақ дамуы үшін елеулі қаржы резервтерін құруда ерекше рөл атқарды.

Қазақстан мен Орталық Азия елдері халықаралық энергетикалық корпорациялармен ынтымақтастықты тиімді дамытуда. Біздің өңір арқылы мұнай мен газ әлемдік нарыққа шығатын стратегиялық құбырлар өтеді.

Бүгін бұл құбылыс Энергетикалық Жібек жолы деп аталады және бүгін біз бұл мәселені конференцияда талқылаймыз.

Құрметті конференцияға қатысушылар!

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президент – Елбасы кітапханасының атынан бүгінгі халықаралық конференцияда сіздерге сәлем жолдаймын.

Біздің серіктестерімізге – Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігіне, Қазақстандағы Интернационал ҚҰМК-на және Қытайды зерттеу жөніндегі Қазақстандық орталыққа алғысымды білдіргім келеді.

Бүгін біздің іс-шарада баяндама жасайтын барлық сарапшыларды қарсы аламыз.

Осы ғылыми конференция Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 30 жылдығы жылында Қазақстанның ұлттық экономикасының тұрақты дамуында мұнай-газ секторының ерекше маңыздылығын атап көрсетуге бағытталған.

Халықаралық энергетикалық ынтымақтастық Еуразияда энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ықпал ететін маңызды өңірлік хаб ретінде Орталық Азия бойынша көршілермен әріптестікте еліміздің қалыптасуына ықпал етеді.

Орталық Азияның әлемдегі ең ірі мұнай және газ қоры бар екені баршаға мәлім. Бұл оның жаһандық энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі ерекше рөлін, әлемдік қоғамдастықтың біздің өңірге деген жоғары қызығушылығын негіздейді және оның жоғары инвестициялық тартымдылығын айқындайды.

Орталық Азия өңірі мұнай-газ саласының прогрессивті дамуына көп жағынан жәрдемдесетін шетелдік инвесторлармен ынтымақтастық үшін ашық.

Соңғы үш онжылдықта АҚШ, Франция, Ұлыбритания, Италия, Ресей, Үндістан, Қытай және т.б. энергетикалық корпорациялар аймақтың мұнай-газ саласына стратегиялық инвесторлар болды.



Қазақстан туралы айта отырып, ҚР Тұңғыш Президент – Елбасы Н. Ә.Назарбаев тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап мұнай-газ саласын кешенді дамыту бойынша міндеттер қойды.

Елбасының мақсатты саясатының арқасында Қазақстан 30 жыл ішінде өзінің мұнай-газ саласына 114 млрд. астам шетелдік инвестициялар тартты.

Бұл капитал Қазақстан экономикасы өсуінің қуатты драйверіне айналды, ал Қазақстанның Тұңғыш Президентінің шешімі бойынша энергия ресурстарының өсіп келе жатқан экспортынан түсетін кірістер Ұлттық қорға жіберіледі.

Міне, көп жылдар бойы бұл мемлекеттік стратегиялық резерв Қазақстанды орнықты дамыту мен жаңғыртуды жалғастырудың факторы болып отыр.

Мұнай-газ саласын дамытудағы маңызды міндет өндірілетін мұнай-газ ресурстарының әлемдік нарықтарға экспортын әртараптандыру болып отыр.

Үш онжылдық ішінде теңдестірілген халықаралық ынтымақтастықтың нәтижесінде, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің күш-жігерінің арқасында біздің еліміз шетелдік әріптестермен ынтымақтастықта Батыс пен Шығыс елдеріне құбыр желілерінің тармақталған желісін салды.

Осылайша, Қазақстан шетелдік инвесторлармен және энергия ресурстарын импорттаушылармен өзара тиімді ынтымақтастықтың арқасында бүкіл Орталық Азияның тұрақты өсуіне ықпал ететін қазіргі заманғы энергетикалық Жібек жолын дамытудың негізін қалыптастырды.

Нәтижесінде, қазіргі жағдайда Еуразияның орталық бөлігі Еуропа мен Азияның экономикалық өзара байланысын нығайту бойынша өзінің табиғи геоэкономикалық рөлін қайта қалпына келтіруде.

Көпвекторлы өзара іс-қимыл шеңберінде энергетикалық Жібек жолы құрылысының стратегиялық бағыттарының бір – ҚХР-мен ынтымақтастық.

1990-шы жылдардың соңында Қазақстан мен Орталық Азия елдерінің Қытаймен кен орындарын әзірлеу және энергия ресурстарын тасымалдауға арналған құбыржолдар салу туралы шарттарға қол қоюы өңірдің мұнай-газ саласын дамытуды әртараптандырудағы нақты қадам болды.

Осы жобалардың арқасында Қазақстанның өңірлік энергетикалық хаб ретіндегі рөлі айтарлықтай өсті. 2000 жылдары «Қазақстан – Қытай» мұнай құбыры салынды, ол бойынша бүгінде Қазақстан мен Ресейден көмірсутектер шығысқа экспортталады.

Бұдан әрі Қазақстан аумағы бойынша «Орталық Азия-Қытай» магистральдық газ құбырының желілері салынды, ол өңірдің бірнеше елдерін біріктіре отырып, «көгілдір отынды» Түрікменстаннан Қытай нарығына жібереді.

Осылайша, бұрын негізінен солтүстік-батыс бағытта бағытталған Орталық Азия мұнайы мен газы Қазақстанның прагматикалық көпвекторлы саясатының арқасында энергия ресурстарын тұтынудың аса ірі әлемдік нарығы – Қытайға тікелей жол ашты.

Одан әрі қарай Орталық Азия өңірінен ҚХР-ға энергия ресурстарының экспорты құбырлардың кең желісін салу арқылы ХХІ ғасырда Жібек жолының табысты тарихи жаңаруы мен перспективалық дамуы үшін бет ашты, онда Қазақстан – Ұлы Дала Елі маңызды байланыстырушы рөл атқарады.



Спикерлер өз сөздерінде мұнай-газ секторының біздің елдеріміздің тұрақты дамуындағы маңыздылығын, Жібек жолы энергетикалық құрылысының жетістіктерін, Орталық Азиядағы энергетикалық дипломатияны дамытудағы қолданыстағы құбырлардың рөлін толық көрсететініне сенімдімін.

Біздің спикерлер өз сөздерінде мұнай-газ секторының біздің елдеріміздің тұрақты дамуындағы маңыздылығын, Жібек жолы энергетикалық құрылысының жетістіктерін, Орталық Азиядағы энергетикалық дипломатияны дамытудағы қолданыстағы құбырлардың рөлін толық көрсететініне сенімдімін.

ӘСЕТ МАҒАУОВ

Қазақстан Республикасының Энергетика Вице-министрі

Құрметті конференцияға қатысушылар, әріптестер!

Сіздерді Қазақстан тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына арналған бүгінгі іс-шарада көргеніме қуаныштымын.

Қазақстанның энергетикалық секторын дамытудағы Елбасының рөлі негіз қалаушы болып табылатыны сөзсіз, ол ел экономикасына \$114 млрд. астам доллар тікелей инвестициялар тартқан саланың дамуына елеулі серпін берді.

Тәуелсіздіктің қалыптасу кезеңінде ел алдындағы бірінші кезектегі міндет ішкі нарықтың қажеттіліктерін жабу үшін энергетикалық ресурстармен қамтамасыз ету болды. Өзбекстан және Түркіменстан елдерімен тығыз ынтымақтастық пен тату көршілік қарым-қатынастардың арқасында ішкі нарықтың мұнаймен және газбен қажеттілігін толық көлемде қамтамасыз ете алдық.

Тәуелсіздіктің қалыптасу кезеңінде ел алдындағы бірінші кезектегі міндет ішкі нарықтың қажеттіліктерін жабу үшін энергетикалық ресурстармен қамтамасыз ету болды. Өзбекстан және Түркіменстан елдерімен тығыз ынтымақтастық пен тату көршілік қарым-қатынастардың арқасында ішкі нарықтың мұнаймен және газбен қажеттілігін толық көлемде қамтамасыз ете алдық.

Қытайдың қарқынды дамып келе жатқан экономикасын ескере отырып, сондай-ақ өңірдің даму перспективаларын зерттей отырып, көршілерімізбен бірге Қытайға шикізат экспорттау үшін энергия ресурстарының өндірістік әлеуетін арттыру туралы бірыңғай түсіністікке келдік.

Осыған байланысты, Қазақстан энергетика саласын кешенді дамытуға және өндірілетін мұнай-газ ресурстарының өлемдік нарықтарға экспортын әртараптандыруға ерекше мән беретінін атап өткен жөн.

Осылайша, Қазақстан ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың біздің стратегиялық әріптесіміз – Қытай Халық Республикасымен өзара тиімді және тығыз ынтымақтастығы арқасында заманауи энергетикалық Жібек жолын дамытудың негізін қалыптастыра алды. Тәуелсіздік жылдары энергия ресурстарын тасымалдау үшін екі маңызды құбыр салынды: 2006 жылы «Қазақстан-Қытай» мұнай құбыры және



2009 жылы «Қазақстан – Қытай» газ құбыры Жібек жолының барлық елдерін өзара жалғастырады.

Сонымен қатар, Орталық Азия елдерімен тату көршілік қарым – қатынастар 2006 жылы «Қазақстан-Қытай» магистральдық құбырын пайдалану басталғаннан бері мұнайдың жалпы көлемінің шамамен 147 млн.тоннасын және 2013 жылдан бастап газдың жалпы көлемінің 44,3 млрд. м³-ін «Сарыбұлақ-Зимұнай» және «Қазақстан-Қытай» газ құбырлары арқылы Қытайға тасымалдауға мүмкіндік берді. Бұл цифрлар энергетикалық Жібек жолының өңірде ғана емес, жалпы әлемдік аренада маңыздылығын көрсетеді.

Пайдалануға берілген сәттен бастап бұл құбырлар жаңғырту және өткізу қабілетін арттыру үдерістерінен өтуді жалғастыруда, бұл Орталық Азия елдерінен энергия шикізатын экспорттау көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Орталық Азия мұнайы мен газы стратегиялық әріптестерге үлкен сұранысқа ие болғандықтан және экспортты ұлғайту үшін үлкен әлеуетке ие болғандықтан, Орталық Азия елдерінің екіжақты және көпжақты қатынастарын одан әрі нығайту қажет деп санаймын.

Ынтымақтастық барысында Қытай өзін сенімді стратегиялық серіктес ретінде көрсете алғанын айта кету керек. Осыған байланысты, Қазақстанның жер қойнауын пайдалану жобаларына қатысатын CNPC компаниясының белсенді жұмысын атап өту қажет.

Сонымен қатар, Қазақстанның ішкі нарығында газға деген қажеттілік өсіп келе жатқанын, сондай-ақ елдің газ нарығын газ өндіруді ынталандыруға бағытталған үлкен реформалар күтіп тұрғанын атап өту қажет. Осыған байланысты біз Қытаймен газ саласындағы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға ниеттіміз.

Жалпы, Қазақстанның мұнай-газ саласының инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін реттеушілік және фискалдық жағдайларды жақсарту бойынша шаралар пысықталуда. Сондықтан, барлық мүдделі тараптарды жемісті ынтымақтастыққа шақырамыз.

ЧЖАН СЯО

ҚР-дағы ҚХР Төтенше және Өкілетті Елшісі

Құрметті ханымдар мен мырзалар, құрметті конференция қатысушылары!

Қытайды зерттеу орталығы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президент – Елбасы кітапханасымен және Қазақстандағы Интернационал КНК-мен бірлесіп ұйымдастырған бүгінгі халықаралық ғылыми конференцияға қатысу мен үшін үлкен мәртебе. Конференцияға Қытай, Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстаннан келген барлық қатысушыларға сәлем жолдаймын. Қытай мен Орталық Азия елдері арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастардың орнағанына 30 жыл толуына орай өткен



конференцияны уақытылы әрі орынды деп санаймын. Бұл бізге, бір жағынан, екіжақты және көпжақты энергетикалық ынтымақтастықтың қорытындыларын шығаруға, екінші жағынан, болашаққа жоспарлар белгілеуге мүмкіндік беретін сәт.

Дипломатиялық қарым-қатынастардың 30 жылы ішінде энергетикалық ынтымақтастық әрқашан маңызды рөл атқарды және Қытайдың Орталық Азия елдерімен жан-жақты қарым-қатынасында өзара жеңіске үлгі болды. Бұл ынтымақтастық біздің елдеріміздің саяси басшылығының ең жоғары назарын аударады, оған көп қаражат жұмсалды, ол бізге айтарлықтай пайда әкеледі. Бүгінгі таңда 4 газ құбыры: Қытай – Орталық Азия және 2 мұнай құбыры: Қытай – Қазақстан жұмыс істейді. Сондықтан бұл мұнай-газ құбырларына ешқандай асыра сілтеусіз «энергетикалық Жібек жолы» мәртебесін беруге болады.

CNPC түріндегі Қытай мұнай-газ алыптары осы жылдар ішінде ондаған миллиард АҚШ доллары мөлшерінде түрлі салықтар мен жарналар сала отырып, осы елдердің ұлттық энергетикалық секторының қалыптасуы мен дамуына баға жетпес үлес қосты. Орталық Азия елдерінде жұмыс істей отырып, Қытай мұнай-газ компаниялары да тәуелсіз республикаларда үлкен сұранысқа ие жоғары білікті кадрларды дайындады. «Белдеу және жол» бастамасының таралуымен Қытайдың Орталық Азия елдерімен энергетикалық ынтымақтастығы жаңа архитектураға енді. Барлау мен өндіруден басқа біздің ынтымақтастығымыз мұнай-химия және мұнай өңдеу салаларына дейін кеңейді. Дәстүрлі энергиядан басқа, біз жаңартылатын энергия көздеріне: жел, күн және т. б. кірістік. Алғашқы қадам да жасалды, мысалы, Жамбыл облысының Жаңатас қаласында қуаты 100 мегаватт гидроэнергетикалық станцияның бірлескен жобасы іске қосылды. Бұл Орталық Азиядағы ең ірісі, сондай-ақ жақында Алматы облысында қуаттылығы 50 мегаватт күн электр станцияларының бірлескен құрылысы аяқталды. Мұның бәрі осы елдердің отандық өнеркәсібіндегі олқылықты толтырды және олардың индустрияландыру процесін жеделдетті.

Экономикамызды жасыл және инновациялық дамуға трансформациялау аясында елдеріміздің инвестициялық-индустриялық ынтымақтастығының тереңдеуіне қарай, Орталық Азия елдерінің Қытаймен энергетикалық ынтымақтастығы дәстүрлі энергия ресурстарынан таза жаңартылатын энергия көздеріне терең қайта құрудан өтіп жатқанына сенімдімін. Бұл өз кезегінде соңғы технологиялармен жабдықталған бірқатар жаңа заманауи кәсіпорындардың пайда болуына әкеледі.

Қымбатты достар, бүкіл әлемді қамтыған пандемия жаһандық энергетикалық секторға қатты соққы берді, көптеген елдерде ол құлдырады. Климаттық өзгерістерге жауап ретінде энергетика салалары қарқынды өзгеріп отыр. Қытайда адам мен табиғаттың жасыл және үйлесімді өмір сүруін мемлекеттік стратегия ретінде дамыту туралы шешім қабылданды. Біз 2030 жылға қарай көміртегі шығарындыларының шыңына шығу және 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу үшін жасыл төмен көміртекті түрлендіруді күшейтеміз. Бұл үшін, әрине, біз титаникалық және үлкен күш-жігер жұмсаймыз, бірақ бұл біздің халықаралық қауымдастыққа берген ресми уәдеміз және біз оны міндетті түрде орындаймыз..



Қытай мен Орталық Азия елдерін жасыл төмен көміртекті және ұзақ мерзімді даму бойынша ортақ ұстанымдар біріктіреді. Менің пікірімше, орта-ұзақ мерзімді перспективада энергетикалық ынтымақтастық жетекші бағыттардың бірі ретінде бұрынғысынша біздің іскерлік ынтымақтастығымыздың іргетасы болып қала береді, өйткені біздің елдеріміздің халқының ұлттық қауіпсіздігі мен әл-ауқаты осыған байланысты. Біз бұдан әрі де Жібек жолы рухын, атап айтқанда: тең құқылы және өзара тиімді ынтымақтастықты, ашықтық пен инклюзивтілікті, бейбітшілік пен тату көршілікті басшылыққа алуға тиіспіз. Біріншіден, үкіметаралық органдардың үйлестіруді күшейтуіне, екіншіден, инвестицияларды ұлғайтуды жалғастыруға, үшіншіден, Орталық Азия елдерінде біртұтас индустриялық тізбекті қалыптастыру мақсатында индустриялық ынтымақтастықты жеделдетуге, және соңғысы, төртіншіден, таза энергияны пайдалану мен энергия пайдаланудың тиімділігін арттыру есебінен цифрлық трансформацияға және экологиялық ортаны қорғауға көшуге көңіл бөлу керек.

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Конференцияны ұйымдастырушыларға оны ҚХР-ның ұлттық мерекесі-бірнеше күннен кейін атап өтетін біздің Құрылған күнімізге орайластырғаны үшін өте ризамын. Қытай Компартиясының басшылығымен біз адам өмірін бірінші орынға қоямыз, пандемиямен абыроймен күресіп, экономиканың айтарлықтай жылдам әрі ұзақ өсуін қамтамасыз еттік. Биылғы жылдың бірінші жартыжылдығында Қытайдың ЖІӨ өсімі 12,7%-ды құрады. Қазір Қытайда қысқы Олимпиадаға дайындық қызу жүріп жатыр. Барлық нысандар аяқталды және сыналды. Қазіргі уақытта 1 миллиардтан астам қытайлықтарға коронавирустық инфекцияға қарсы вакцинаның екі компоненті егілді, сондықтан ашық, қызықты, қонақжай және қауіпсіз Бейжің барлық қонақтарды құшақ жая қарсы алады.

Қорытындылай келе, барлығыңызға белсенді қатысқаныңыз үшін тағы да алғыс айтамын және сіздерге денсаулық, бақыт және амандық тілеймін. Рахмет!

МАНАРБЕК ҚАБАЗИЕВ

*ҚР Сыртқы істер министрлігі жанындағы Сыртқы саяси зерттеулер институты
Басқарма төрағасының орынбасары*

XX ғасырдың аяғынан бастап әлемнің көптеген мемлекеттерінің қызметінде мемлекеттердің энергетика саласындағы өзара іс-қимыл мәселелері орталық орынға ие бола бастады.

Энергетиканың жаһандануы және энергетикалық өзара тәуелділіктің күшеюі жағдайында энергиямен тұрақты қамтамасыз ету проблемасын шешу қажеттілігі көптеген мемлекеттердің сыртқы саяси ведомстволарының энергетикалық бағыттағы белсенділігінің артуына және елдер арасындағы саяси коммуникацияның күрделенуіне алып келді.



Энергия ресурстары жаһандық саясаттың маңызды құрамдас бөлігіне айналды, ал іс жүзінде энергетикалық дипломатия және энергетикалық қауіпсіздік сияқты құндылықтар орнықты. Мен бүгін өз баяндамамды дәл осы тұрғыда жасағым келеді.

Энергетикалық Жібек жолы туралы айта отырып, біз Қытаймен ынтымақтастық туралы айтып отырмыз, ол маған менің көп жылғы Бейжіңдегі Қазақстан Елшілігінде кеңесші болып жұмыс жасауыма байланысты өте таныс.

Қазақстан, Орталық Азия елдері және ҚХР арасындағы Мұнай және газ саласындағы ынтымақтастық жөніндегі тарихи келісімдерге қол қоюдан бастап, ынтымақтастықтың жаңа дәуірі басталды.

Энергетикалық ынтымақтастықтың саяси аспектілеріне тоқталғым келеді.

Шетелдік саяси сараптаманы қарайтын болсақ, онда Орталық Азия елдері мен Қытай арасындағы мұнай-газ өзара іс-қимылы тақырыбы өте танымал. Бұл назар ҚХР-ның белсенді көтерілуіне және оның халықаралық қатынастардағы рөліне байланысты.

Қытайдың біздің аймақпен ынтымақтастық мәселелері талқыланған кезде, көптеген адамдар бұл қатынастарда не көп – геосаясат немесе экономика, тәуелділік немесе пайда ма деген сұраққа жүгінеді?

Мұнда жауап, дипломатия мен прагматизм көбірек дегенге барынша саяды.

Біздің аймақ пен ҚХР арасындағы энергетикалық диалогта барлық маңызды компоненттер бірікті: 1990-шы жылдардан бастап Қытай белсенді өсуді бастады және оған энергия ресурстары қажет болды. Ал Орталық Азия елдері сол кезеңде тәуелсіздік алып, экономиканың маңызды салаларында сенімді серіктестер мен инвесторлар іздеді.

Бұл тұрғыда Шанхай ынтымақтастық ұйымының негізінде сенімді саяси қатынастар орнатылған көршілерден неғұрлым сенімді не болуы мүмкін?

Сол кезде, бәріміздің есімізде, ШЫҰ Өңірлік диалог үшін, оның ішінде Экономикалық тақырып бойынша да маңызды алаңға айналды.

ШЫҰ өз кезегінде Орталық Азия елдері мен Қытай арасындағы сенімді қарым-қатынастарды қалыптастыруға мүмкіндік берді, содан кейін олар прагматикалық экономикалық, оның ішінде мұнай мен газ жөніндегі ынтымақтастыққа айырбасталды.

Айтпақшы, сол себепті ШЫҰ алаңында энергетикалық клуб құру идеясы бір кездері талқыланған болатын. Және бұл идеяның формуласы көп жағдайда бірдей болды: біздің өңіріміздің орасан зор энергетикалық әлеуеті және екінші жаһандық экономика – Қытайда энергия тұтынудың серпінді өсуі.

Шын мәнінде, бұл идея басқа форматта іс жүзінде Қазақстан, Ресей және Түркіменстаннан Қытайға мұнай мен газ аға бастаған құбыр желілері құрылысының есебінен жүзеге асырылды.

1990-шы жылдардың екінші жартысынан бастап Қытай Орталық Азияның энергия ресурстарына қызығушылық танытып отыр. Бұл кезеңде Қытайдың энергия импортының көп бөлігі Таяу Шығыстан келетін импортпен қамтамасыз етіледі, ал Бейжің жеткізу көздерінің шеңберін кеңейтуге тырысады.

ҚХР әлемнің көптеген елдерінде мұнай-газ өндірісіне белсенді инвестиция сала бастады. Жеткізілімдердің сенімділігі тұрғысынан Орталық Азиядан ресурстар



Қытайда тартымды болып саналады, өйткені оларды құрлықтағы инфрақұрылым бойынша тез және қауіпсіз жеткізуге болады.

Осылайша, энергетикалық дипломатия біздің өңір елдеріне тұрақты табыс көзін қамтамасыз етті.

Магистральдың жұмыс істеуі өндірілетін газды сату және оның транзиті есебінен кірістерді ұлғайтуға ғана емес, сонымен қатар газ құбырының кеңеюіне қарай оны толтыру үшін қажет болатын Орталық Азия елдеріндегі перспективалы кен орындарын барлау мен өндіруге инвестициялық капиталды тарту есебінен де ықпал етеді. Алайда, құбырлардың мәні мұнымен аяқталмайды.

Біздің көзалдымызда дамып келе жатқан энергетикалық Жібек жолының стратегиялық маңыздылығын түсіну үшін, мысалы, «Орталық Азия – Қытай» магистральдық газ құбыры біздің күрделі өңіріміздегі интеграциялаушы, байланыстырушы фактор болып табылатынын қосамын.

Бұл газ құбыры бүкіл Орталық Азия республикаларын бір ауқымды экономикалық және инфрақұрылымдық жобада біріктірді десек артық айтқандық болмайды. Барлық тараптар пайда көреді.

Осылайша, Түрікменстан, Өзбекстан және Қазақстан он жылдан бері Қытай нарығына табиғи газ экспорты аясында ынтымақтасып келеді. Қырғызстан мен Тәжікстан газ құбырының D желісінің құрылысы аяқталғаннан кейін кооперацияға қосылады деп күтілуде.

Болжам бойынша, бұл құбыр үшін табиғи газ бірнеше ондаған жылдарға жетеді. Жоспарлаудың мұндай ұзақ мерзімді көкжиегі біздің өңірде үйлесімді және өзара тиімді қатынастар құруға мүмкіндік береді.

Түрікменстанда газ құбырының салтанатты ашылуы кезінде Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев газ құбыры құрылысының жүзеге асырылуын – барлық қатысушы мемлекеттердің жетістігі деп атады.

Ол біздің елдеріміз ата-бабаларымыздың өсиеттерін бірлесіп орындап, Ұлы Жібек жолын жаңа қырынан жаңғыртып жатқанын айтты. Ежелгі бағыттар бойынша біздің елдеріміз заманауи автомобиль және темір жолдарын салуда, энергия ресурстары жеткізілетін қуатты құбырлар жүргізуде.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев бүгінде мұнай-газ саласын дамыту мәселелеріне көп көңіл бөледі. Қазақстан халқына Жолдауында Еліміздің Президенті Ұлттық геологиялық қызметті құру міндетін қойды.

Бұл геологиялық барлауға және жаңа кен орындарын іздестіруге инвестицияларды белсенді тарту үшін, оның ішінде Еуразиядағы табысты энергетикалық ынтымақтастықты дамытуды жалғастыру үшін маңызды.

Осылайша, көршілермен өнімді серіктестікте Қазақстанның, бүкіл Орталық Азия мен Қытайдың экономикалық әл-ауқатының өсуіне ықпал ететін ірі дипломатиялық жоба-энергетикалық Жібек жолы құрылысының жылнамасында маңызды беттер жазылуда.

Сөз соңында Қазақстан СІМ жанындағы Сыртқы саяси зерттеулер институты ұжымының атынан конференцияға қатысушыларға қызықты және жемісті пікірталастар тілегім келеді.



ЧЖАН ЧЭН У

*Мұнай-газды барлау және игеру жөніндегі
Қытай ұлттық компаниясының вице-президенті
(China National Oil and Gas Exploration and Development Company)*

Құрметті конференцияға қатысушылар!

Ең алдымен, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан кітапханасының қолдауымен өткізілетін Біздің Қытайды зерттеу орталығымен бірлескен конференцияға қатысқаныңдарыз үшін сәлемдесуге және ризашылығымды білдіруге рұқсат етіңіздер!

90-жылдардың басында Орталық Азия елдері мен Қытай арасында мемлекетаралық қатынастар орнағаннан кейін, өңірде мұнай-газ ынтымақтастығы саласын қоса алғанда, жаңа заманауи жағдайларда ежелгі Жібек жолын жаңғырту перспективалары ашылды. Бүгінде Қытай Ұлттық Мұнай-газ Корпорациясы өзара тиімді негізде Қазақстан, Түрікменстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Қырғызстанда бірқатар бірлескен жобаларды табысты жүзеге асыруда.

Қытайда мың ли жолы алғашқы қадамнан басталады деген сөз бар. 24 жыл бұрын корпорацияның инвестициялық жолы «Ақтөбемұнайгаз-ҚҚБК» АҚ жобасында басталды. Күрделі де жемісті бастамадан өткен жоба өзара тиімді ынтымақтастықтың үлгісіне, Орталық Азиядағы мұнай-газ жобаларының көшбасшысы мен локомотивіне айналды. Компания Кенқияқ-тұз кен орнында көмірсутек өндіруді екі есе арттырды, оны өзірлеуді АҚШ пен Еуропаның мұнай компаниялары үмітсіз деп санады. Инновацияларды пайдалана отырып, Жаңажол кен орнында өндіру айтарлықтай артты. Биылғы жылы корпорацияның қатысуымен 100 млн.тоннадан астам қоры бар Солтүстік Трува кен орнының игерілуінің 15 жылдығы, Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы құрлықтағы ең ірі ашылымы атап өтіледі.

Корпорация «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының стратегиялық іскерлік әріптесі ретінде бірлескен кәсіпорын нысанындағы барлық жобаларға, тек Қашаған кен орнын игеруге - өнімді бөлу туралы келісімге ғана қатысады.

Қазақстанда қызмет ету кезеңінде мұнай-газ кешеніне 45 млрд. АҚШ долларынан астам инвестициялар салынды, салық түрінде шамамен 50 млрд. АҚШ доллары төленді, 30 мыңнан астам жұмыс орны құрылды, онда жергілікті кадрлардың үлесі 98,3%-ды құрайды. Қайырымдылық пен әлеуметтік жобаларға салынған инвестициялар 400 млн. АҚШ долларынан асты. Корпорацияның қызметі Қазақстан мен Қытай көшбасшыларының жоғары бағасына ие болды.

Көлік инфрақұрылымының маңыздылығын ескере отырып, 1997 жылы Каспий өңірінен Қытаймен шекараға дейін ұзындығы 3 мың км., қуаты жылына 20 млн.тонна мұнай құбырын бірлесіп салу келісілді. Бүгінде бұл жоба шындыққа айналды. Жақын арада Кеңқияқ-Атырау реверсі бойынша жұмыстар аяқталғаннан кейін, Каспий мұнайы Қытайға түседі.



2006 жылы Атасу-Алашаньюку учаскесі іске қосылған сәттен бастап, экспортқа 150 млн.тонна қазақстандық және ресейлік мұнай айдалды. Кеңқияқ-Атырау (2001 ж.) және Кеңқияқ-Құмкөл (2009 ж.) салынған учаскелер бойынша Корпорация өндіретін мұнайдың 60%-ға жуығы еліміздің зауыттарына жеткізіледі.

2014 жылы Маңғыстау, Ақтөбе, Қызылорда және Түркістан облыстарындағы тұтынушыларды қазақстандық газбен жабдықтау үшін Бейнеу-Бозой-Шымкент ірі стратегиялық газ құбыры салынды. Болашақта оған қосылған «Сарыарқа» газ құбыры Нұр-Сұлтан қаласы мен еліміздің солтүстік облыстарына газ жеткізеді.

Бұл құбырлар Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» бастамасы мен Қазақстанның «Нұрлы жол» экономикалық бағдарламасын ұштастыруды іс жүзінде жүзеге асыру болып отыр.

2018 жылы «ҚазМұнайГаз» – бен бірлесіп, Шымкент қаласындағы қуаты жылына 6 млн. тонна мұнай өңдеу зауытын жаңғырту аяқталғанын, оның өңдеу деңгейі 85%-ға дейін екенін және Евро-IV және V стандартындағы мұнай өнімдерін өндіру аяқталғанын ерекше атап өткен жөн.

2019 жылы Алматы қаласында мұнай-газ саласын ірі диаметрлі құбырлармен қамтамасыз ету үшін өңірдегі алғашқы Азиялық болат құбырлар зауытының (ASPC) құрылысы аяқталды.

2009 жылдан бері жұмыс істеп тұрған үш желісі (ABC), ұзындығы 1833 км, қуаты жылына 55 млрд.текше м. газ болатын Орталық Азия-Қытай газ құбыры «Бір белдеу, бір жол» қытайлық бастамасының және өңірдегі энергетикалық Жібек жолының басты инфрақұрылымдық символына айналды. Болашақта төртінші сызықпен (D) бірге оның қуаты жылына 85 млрд.текше м. газды құрайды. Құбыр арқылы Қытайға экспортқа 336 млрд.текше метр газ жіберілді, оның 300 млрд. текше метрі Түрікменстаннан.

Газ құбыры жобаға қатысушы елдердің көшбасшыларынан жоғары баға алды. Жоба – Қытай энергетикасы құрылымындағы энергия ресурстарының, сондай-ақ газ экспортын әртараптандырудың және өңір елдерінің транзиттік әлеуетін дамытудың маңызды көзі. «Азиялық газ құбыры» ЖШС 2020 жылы бюджетке салық түрінде 104,7 млрд. теңге төлеп, Қазақстанның ірі салық төлеушілері арасында 6-шы орынға ие болды.

Түрікменстанда 2007 жылдан бері корпорацияның инвестиция көлемі 8,6 млрд. АҚШ долларын, салықтар мен баждар-450 млн. АҚШ долларын құрады, газ өндіру жылына 14 млрд.текше метрге жетті, 22 мың жұмыс орны құрылды, әлеуметтік жобаларға 19 млн. АҚШ доллары салынды.

Өзбекстанда жалпы инвестиция көлемі 5,1 млрд. АҚШ доллары, салықтар мен баждар 455 млн. АҚШ долларын құрады, әлеуметтік жобаларға 1,3 млн. АҚШ доллары салынды.

Ағымдағы кезеңде Тәжікстан мен Қырғызстанда Түркіменстандағы «Галкыныш» кен орнынан басталатын Орталық Азия-Қытай газ құбырының төртінші желісін (D) салу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Жоғарыда айтылғанды ескере отырып, ҚҰМК-ның Орталық Азия мемлекеттерінің серіктестерімен бірлескен жұмысы серпінді ілгерілеп, кеңейе түсетінін, оған



қатысушылардың мүдделеріне жауап беретінін және мынадай факторларға негізделгендіктен, өзара тиімділік пен өзара даму сипатына ие екенін атап өткім келеді:

– Елдер арасында саяси қатынастар, өзара тиімді сауда-экономикалық ынтымақтастық және достық мәдени-гуманитарлық байланыстар жоғары деңгейде орнатылған.

– Орталық Азия елдері мен Қытайдың экономикасы мұнай-газ саласын қоса алғанда, бір-бірін өзара толықтырады.

– Аймақ елдерінің тату көршілік орналасуы қашықтықтарды қысқартады және мұнай мен газды, технологиялық жабдықты және т. б. тасымалдау үшін ыңғайлы логистика жасайды.

– ҚҰМК қызметі өзара тиімділік және өзара даму, ОА елдерінің аумағында өз мұнай-газ инфрақұрылымын құруға жәрдемдесу, материалдардағы жергілікті қамтуды барынша қамтамасыз ету, жаңа технологиялар мен қазіргі заманғы жабдықтарды пайдалану, қоршаған ортаны қорғау және т. б. қағидаттарында құрылады.

– Жергілікті еңбек ресурстарын барынша тарту, жаңа жұмыс орындарын құру, әлеуметтік жауапкершіліктің жоғары деңгейі, елеулі демеушілік көмек және қайырымдылық акциялары – қызметтің маңызды тармақтары.

Осының барлығы жобалардағы жемісті жұмысымен бірге, корпорацияның Орталық Азия елдеріндегі табысты қызметінің кепілі деп санаймыз.

Назарларыңызға рахмет!

СУНЬ ЧЖУАНЧЖИ

Ресей, Шығыс Еуропа және Орталық Азия институтының директоры (ИРВЕЦА),

Қытай қоғамдық ғылымдар академиясы

Қытай мен Қазақстан арасындағы энергетикалық ынтымақтастық өте ерте басталды және осы салада үлкен нәтижелерге қол жеткізді және маңызды мәнге ие. Біздің энергетикалық ынтымақтастығымыздың жақсы басымдығы бар, өйткені біздің елдеріміздің қарым-қатынасы тек сауда-экономикалық қана емес, сонымен қатар саяси, елдер басшылығы бір-бірімен өте жақсы байланыста, мысалы, біздің басшымыз Си Цзиньпин Қазақстанға бірнеше рет келіп, көптеген келісімдерге қол қойды, бұл – әртүрлі салалардағы, соның ішінде энергетика саласындағы ынтымақтастықтың жақсы кепілі.

Екіншіден, Қытай мен Орталық Азия трансшекаралық энергия тасымалдау саласында ынтымақтастықты жүзеге асырады, олардың арасында Қазақстан ерекше орын алады, өйткені өздеріңіз білетіндей, бұл Қытай мен Орталық Азия елдері арасындағы алғашқы мұнай құбыры, сондай-ақ Орталық Азия – Қытай жаңа газ құбыры да Қазақстан арқылы өтеді. Сондықтан Қазақстан Қытай үшін энергетика саласындағы өте қуатты серіктес.

Үшінш – Қазақстан Орталық Азия өңіріндегі өте маңызды көшбасшы-ел. Қытайдың «Бір белдеу – бір жол» бастамасын алғаш рет біздің көшбасшы Си Цзиньпин Нұрсұлтан



Назарбаевқа ұсынды, оның аясында Қытай мен Қазақстан ынтымақтастықты бастады, сондай-ақ, ол Қазақстанның «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасымен тығыз жанасады. Екі елдің стратегиялық әріптестігі тек энергетика саласында ғана емес, «Бір белдеу – бір жол» және «Нұрлы жол» бастамалары аясындағы экономикалық, мәдени-гуманитарлық салаларға негізделген. Аталған ынтымақтастық жоғарыда аталған бағдарламалар аясында зор әлеует пен перспективаға ие.

Төртіншіден – бүгінгі таңда коронавирустық инфекция пандемиясы кезеңінде жағдай тұрақсыз, Қытай мен Қазақстанның алдында жаңа сын-қатерлер туындауда, бізге нақты салалардағы ынтымақтастықты дамыту қажет. Жағдайды ескере отырып, энергетика саласы ынтымақтастықтың негізгі және басым бағыты болып қала береді. Сондықтан Жібек жолын энергетика саласында бірлесіп дамыту сияқты ұсыныс қазіргі сәтте өзектілігін жоғалтпай, осы бағытта әрі қарай ілгерілеуді қажет етеді.

Бесіншіден, әріптестікті көпжақты ынтымақтастық ретінде, мысалы, ШЫҰ ретінде толық көлемде пайдалану қажет. Шанхай ұйымы Қытайдың Орталық Азия елдерімен энергетика және басқа да сауда-экономикалық салалардағы ынтымақтастығында өте маңызды рөл атқарады.

Осы жылы ШЫҰ құрылғанына жиырма жыл толатынын және аса беделді халықаралық ұйым болып табылатынын біз білеміз. Сондай-ақ, биыл Иран Ұйымға қатысушы елдердің құрамына кіреді, бұл да энергетика саласындағы ынтымақтастықтың жаңа мүмкіндіктерін ашады, өйткені Иран – мұнай да, газ да бар ел және халықаралық нарықта маңызды рөл атқарады.

Соңғы, пандемиядан кейінгі дәуірде инновациялардың қарқындылығын арттыру және цифрлық экономика, жоғары технология және энергетика саласында ынтымақтастықтың жаңа жолдарын ашу қажет.

МАРАТ ШИБҰТОВ

*Саясаттанушы, ҚР Президенті жанындағы
Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің (ҰҚСК) мүшесі*

ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫТАЙ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ЭНЕРГЕТИКАДАҒЫ ТРЕНДТЕРІ

Қазақстан мен Қытайдың энергетикадағы ынтымақтастығы 1997 жылғы маусымда, CNPC «Ақтөбемұнайгаз» акцияларын сатып алған кезде басталды және осы күнге дейін белсенді жалғасуда – соңғы оқиғалардан тамыз айында CGNPC Оңтүстік Қазақстандағы 2 кен орнында уран өндіретін «Орталық ДП» ЖШС-нің 49%-ын сатып алғанын атап өтуге болады.

Бұл ретте мұнайдан газға, содан кейін уранға біртіндеп даму жүріп жатыр. Ынтымақтастық өндіруші және қайта өңдеуші активтерді сатып алуды, инфрақұрылымды



салуды және шикізатты өңдеуді қамтиды. Бұл жағдайда белгілі бір ресурстың қажеттілігімен байланысты нақты динамика бар.

Мысалы, бастапқыда мұнай қажет болды және оны Қазақстаннан Қытайға сату 2001 жылғы 100 миллион доллардан 2011-2013 жылдары 8,8 миллиард долларға дейін өсті. Осыған байланысты көптеген мұнай активтері сатып алынды. Сонымен қатар, қытайлық компаниялар мұнай өңдеу және мұнай өнімдерін сату нарығында айтарлықтай үлесті иеленді. Сондай-ақ, елдің батысынан Қытаймен шекараға дейін мұнай құбырлары салынды, сонымен қатар Ресей мұнайы да транзитпен өтеді.

Бірақ содан кейін мұнайға деген қажеттілік азайды, қазір қытайлық мұнай компаниялары мұнайды Қытайға емес, басқа клиенттерге сатады – маңызды ресурстан мұнай мәртебесін ақша табатын тауарға ауыстырды.



Содан кейін Қытайда ауаның ластануына көп көңіл бөліне бастады, сондықтан табиғи газға үлкен қажеттілік туындады. Сәйкесінше Қазақстан аумағы арқылы Түрікменстаннан Қытайға газ құбырлары салынды, сондай-ақ елдің батысынан оңтүстігіне дейін және ШҚО-дан Қытайға газ құбырлары жеке салынды. Іс жүзінде дәл осы жұмыстар Қазақстанның оңтүстік облыстарын газдандыруды айтарлықтай арттыруға мүмкіндік берді, бұл халықтың өмір сүру деңгейіне жақсы әсер етті.

Сонымен бірге уран уақыты келд – Қытай 8-9 мың тоннадан табиғи уран сатып ала бастады, бұл қазақстандық экспорттың 50%-дан астамын құрады. Бұл ретте Қытай импортының 70%-ы және Қытай стратегиялық қор құра отырып, өнеркәсіп үшін қажеттіден көбірек уранды белсенді сатып алады. Уран энергетикадағы Қазақстан-Қытай ынтымақтастығы үшін стратегиялық тауарға айналды.



Осылайша, қазір Қазақстанда:

19 мұнай-газ компаниялары

2 мұнай өңдеу зауыты (МӨЗ және битум өндіру зауыты)

2 уран өндіруші кәсіпорын және Үлбі зауытында ЖБҚ жеке өндірісі

3 газ құбыры, оның ішінде бір транзиттік газ құбыры

Күн және су электр станциялары осы ынтымақтастықтың нәтижесі болды.

Шамасы, Қытайдағы атмосфераға шығарындыларды азайту және декарбонизация үрдісіне байланысты, ынтымақтастық газ бен АЭС-ке көбірек назар аудару бағытында өзгерістерге ұшырайды, мұны бәрі ескеруі керек.

ФЭН ЮЙЦЗЮНЬ

*Ресей және Орталық Азия зерттеулер орталығының директоры,
Халықаралық зерттеулер институты, Фудань университеті*

Биыл Орталық Азия елдерінің тәуелсіздігіне 30 жыл толады. Соңғы 30 жылда Қытай мен Орталық Азия елдері арасындағы энергетика саласындағы ынтымақтастық үлкен табыстарға жетті, ал мұнай мен газ саласындағы ынтымақтастық – маңызды аспектілердің бірі. Қытай мен Орталық Азия елдері арасындағы мұнай-газ ынтымақтастығы екі тараптың практикалық және экономикалық мүдделеріне сәйкес келеді. Ол Қытайға мұнай мен газ импортын өртараптандыруды іске асыруға көмектесіп қана қоймай, Орталық Азия елдерінің экономикалық өсуіне белсенді ықпал етеді, тіпті олардың тәуелсіз мәртебесін айтарлықтай дәрежеде шоғырландырады. Қытай мен Орталық Азия елдері арасында энергетикалық Жібек жолы салынды деп айтуға болады, ол ынтымақтасушы елдердің өркендеуіне ықпал етеді.

2006 жылдың мамырынан бастап 2019 жылдың соңына дейін Қытай-Қазақстан мұнай құбыры арқылы Қытайға 130 млн. тоннадан астам шикі мұнай тасымалданды. 2009 жылғы желтоқсанда Қытай-Орталық Азия газ құбыры ашылған сәттен бастап, Түрікменстан Қытайға 300 млрд. текше метрден астам табиғи газ экспорттады. Қытаймен мұнай-газ ынтымақтастығы (тек мұнай мен газды Қытайға экспорттау ғана емес) Орталық Азия елдеріне орасан зор валюталық түсімдер әкелді деп айтуға болады, бұл қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге, әртүрлі әлеуметтік-экономикалық жобаларды іске асыруға және адамдардың өмір сүру деңгейін арттыруға ықпал етеді.

Қытай мен Орталық Азия елдері арасындағы мұнай-газ ынтымақтастығы тек мұнай мен газ саудасы ғана емес, сонымен қатар бүкіл өндірістік тізбектегі ынтымақтастықты қамтып отыр. Бұл процесс барысында Қытай Орталық Азия елдерінен мұнай-газ ресурстарын алады, ал екіншісі Қытайдан инвестициялар, технологиялар, нарық, басқару тәжірибесін алады.

Қытай компаниялары мұнай және газ кен орындарын барлау мен игеруді, құбырлар салуды, мұнай-газ химиясы өнеркәсібін және Орталық Азия елдеріндегі өндірістік тізбектің басқа да буындарын қоса алғанда, оларға мұнай-газ өнеркәсібінің тұтас



